

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕРІ

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы,
Тараз қаласы
Қ.Н.Сарыбекова, Н.А.Жақсан

Түйіндеме

Мақалада оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен дәстүрлі әдісіне салыстырмалы көзқарас және оны ұйымдастырудың негізгі ережелері мен әдістемелік принциптері қарастырылған. Интербелсенді оқытудың ерекше белгілері аталып көрсетілген.

Кілт сөздер: оқыту, белсенділік, интербелсенділік, оқыту принциптері, жаңартылған білім беру бағдарламасы, бастауыш мектеп.

Аннотация

В статье рассмотрен сравнительный подход к новым методикам и традиционному методу обучения и основные правила, а также методические принципы его организации. Выделены отличительные черты интерактивного обучения.

Ключевые слова: обучение, активность, интерактивность, принципы обучения, обновленная образовательная программа, начальная школа.

Annotation

the article considers a comparative approach to new methods and traditional methods of teaching, basic rules and methodological principles of its organization. Special features of interactive learning are highlighted.

Keywords: learning, activity, interactivity, principles of learning, updated educational program, primary school.

XXI ғасыр оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияны пайдалануды талап етеді. Бұл тәсіл оқытудың мазмұнын жетілдіреді, олардың әдістері мен құралдарының бірлігін қамтамасыз етеді. Бұл заңды процесс, себебі елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да өзгерістер білім жүйесін сол өзгерістер тұрғысында дамытуды талап етеді.

Жаңа әдіс-тәсілдер оқушылардың сабақ процесіндегі белсенділігін арттыруға тікелей әсер етеді. Міне, осы талап тұрғысынан алғанда сіздерге ұсынып отырған “Оқытудың жаңартылған әдіс-тәсілдері” шешуші орын алады. Жаңартылған оқытудың басты мақсаты – оқушылардың өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету.

Елде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және басқадай өзгерістер білім беру жүйесіне де әсерін тигізді. Бұл өзгерістер мектептерде жаңа пәндер енгізіп қана қоймай, сабақ беру әдістемесінің өзін өзгерту қажеттігін туғызды.

Интербелсенді немесе жаңа әдіс-тәсілдермен оқыту – бұл таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. Оқытудың бұл формасы алдына нақты және бағдарлаған мақсат қояды. Сондай мақсаттарының бірі – оқу үрдісінің өнімділігін арттыратын оқушының ақыл-ой кемелділіктерін, өз жетістіктерін сезінетіндей жайлы жағдай тудыру.

Егер де сабақ үстінде оқушылар мен мұғалімдердің арасында тығыз қарым-қатынас байқалса бұлайша оқытуды біз интербелсенді деп атаймыз. Әдетте мұндай қарым-қатынас оқушылар әлдебір мәселені талқылап, соның шешімін табуға тырысқан кезде байқалады. Бұл жерде оқушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңыздырақ. Себебі, интербелсенді оқытудың басты мақсатының өзі сол- оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап таратуға үйрету.

Интербелсендік оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру [1,35].

Оқытудың интербелсенді моделін қолдану өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, ролдік ойындарды пайдалануды, мәселені бірлесіп шешуді көздейді. Мұнда оқу процесінде белгілі бір тұлғаның немесе идея иесінің үстем болуына жол берілмейді. Оқушы әрекет объектісінен өз ұстанымы бар әрекет субъектісіне айналады.

Интербелсенді оқыту кезінде оқушының істі ұйымдастыра білу қабілеті де көрінеді. Интербелсенді әдістермен сабақ өткізу кезінде мұғалім тек кеңесші, серіктес рөлін атқарады. Мұғалім жаңа біліммен бірге оқушыларды өз беттерінше ізденуге жетелейді. Мұғалім белсенділігі оқушылар белсенділігімен алмастырылып, оның міндеті оқушыларға белсенділікті қамтамасыз ететін оңтайлы жағдай туғызу ғана болып қалады.

Мектеп мұғалімі көбінесе баланы еркінен тыс оқыту, жазамен қорқыту сияқты жолдарды көп іздейді. Баланы күшпен, мәжбүрлеп оқыту мүмкін емес. Сондықтан да бастауышта білім беру үрдісін ойын түрінде ұйымдастырудың маңызы зор, өйткені мұғаліммен, балалармен бірігіп орындаған жұмыс қана қызығушылықты арттырады [2.87].

Интербелсенді оқытудың ерекше белгілері:

- белсенділік (физикалық, әлеуметтік, танымдық);
- әрекет бағыттылығы;
- тәжірибемен өзара әрекеттесу;
- кері байланыс;
- мәселені шешу;

Интербелсенді оқытудың әдістемелік принциптері:

- жұмыс атауларын мұқият таңдау;
- оқушылардың әр түрлі ролдік функцияларды орындауда басқару және кәсіптік әрекеттеріне жан – жақты сараптама жасау;
- техникалық оқыту тәсілдерін тиімді қолдану (кесте, слайд, фильмдер, видеобейнелер);
- дербес жұмыстарды қарқынды қолдану (шығармашылық немесе диагностикалық үй тапсырмасы) немесе топтық жұмыста дербес қабілеттілігі;
- кең ортаны ұйымдастыру, көп сағаттық интербелсендік ойындар жеке бөлмелерді керек етеді.
- Оқушылардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттері;
- Мұғалім құрастырған ережелерді сақтай отырып, өзара әрекеттесуді жүзеге асыру [3.44].

Оқыту барысында кем дегенде мазмұндық (нені оқыту), процесуалдық (қалай оқыту), мотивациялық (оқушылар әрекетін қалай белсенді етуге болады) және ұйымдастыру (оқушы мен мұғалім әрекетіннің құрылымын қалай жасау керек) жағын бөліп қарауға болады. Осы жақтардың әрқайсысына бірқатар концепция сәйкес келеді.

Мазмұндық жағына - мазмұнды қарам-қатынас, оқу материалын күрделендіру, оқу пәндерін кіріктіру /интеграция/, дидактикалық бірліктерді ірілендіру және т.б.

Процесуалдық жағына – программалау концепциясы, проблемалық, интербелсендік оқыту т.б.

Мотивациялық – оқуы барысын мотивациялық қамтамасыз ету концепциясы, танымдық қызығушылық қалыптастыру, т.б.

Ұйымдастыру – гуманитарлық педагогика идеялары, педагогикалық еңбектестік концепциясы, оқу пәніне «шому» орталықтандырылған оқыту [2.71].

Осы концепциялардың бәрі өз кезегінде технологиямен қамтамасыз етіледі. Мысалы, проблемалық оқыту концепциясы: проблемалы-сұқбатасып оқыту, проблемалы-тапсырмаларлық, проблемалы-алгоритмдік, проблемалы-контекстік, проблемалы-модулдік, проблемалық-компьютерлік оқыту.

Интерактивтік оқыту технологиясы мен концепциясы интеракция (ағлш. Interaction - өзара әсер, бір-біріне әсер ету) құбылысына негізделген. Оқыту барысында жеке тұлғалар арасында танымдық қарым-қатынас орнап, оның субъектілерінің бәрі өзара қатынасқа түседі. Әр оқушының жеке жұмысы мен оның жеке тұлғасын дамыту адамдардың бір-бірімен сөйлесу және өз ара әрекеттесу барысында жүзеге асады.

Қазіргі кезде сабаққа дайындалу барысында мұғалім сабақ мазмұны оқушылар үшін танымдылығы жағынан қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалды іздеу мен жүйелеуге жұмсайды. Ал жекелеген сабақтар бойынша мәселелік – бағдарлы оқу бағдарламалары пакетінің болуы мұғалімге «мұғалім – оқушы» жүйесінде ақпаратты беруді, өңдеуді және қайталауды жаңаша ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Бірақ, мұның барлығы жүзеге асуы үшін мұғалім интербелсенді оқыту технологиясы бойынша білімдер мен іскерліктерді игеруі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садвакасова З.М., КазНУ им. аль-Фараби, Активные методы и формы обучения в высшей школе. –Алматы, 2005.
2. Бұзаубақова К.Ж.. Жаңа педагогикалық технология. - Тараз. ТарМУ, 2003.
3. Нағымжанова Қ. М., Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психологиялық-педагогикалық негіздері. - Өскемен, 2002.